

**Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті жанындағы  
Қоғамдық кеңестің жауапты хатшылары жұмыс тобы туралы  
ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті жанындағы қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) Консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Қоғамдық кеңес облыс жұртшылығының Ішкі істер департаментімен ішкі істер органдары қызметінің белгіленген саласына жататын мемлекеттік саясат пен мәселелердің негізгі бағыттарын әзірлеу, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, полиция қызметінің жариялылығы мен ашықтығы принципін өмірге енгізу бойынша өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз етеді.

3. Қоғамдық кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық келісім-шарттар, Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялар, «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

**2. Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттері**

4. Қоғамдық кеңес қызметінің мақсаттары қоғамдық тәртіпті қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, ішкі істер органдарының үкіметтік емес ұйымдармен және халықпен өзара қарым-қатынасын одан әрі жетілдіру, құқық қорғау қызметі саласында қоғамдық қатынастарды демократияландыру болып табылады.

5. Негізгі міндеттері:

1) құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтарды, сондай-ақ қоғамдық, құқық қорғау, ғылыми, шығармашылық, діни және өзге де ұйымдарды тарту;

2) мемлекеттің құқық қорғау жүйесіне халықтың сенімін арттыру, полицияны халыққа жақындату, алдағы уақытта құқықтық мемлекетті нығайтуда үкіметтік емес ұйымдардың ролін арттыру;

3) ішкі істер органдарының қызметіне консультативтік, әдістемелік және өзге де қолдаулар көрсету;

4) ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне әлеуметтік қолдау мәселелерін шешуге көмек көрсету;

5) ішкі істер органдары қызметінің өзекті мәселелері туралы халықты жан-жақты және объективті ақпараттандыру мүдделеріне бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тарту;

6) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешуге бағытталған бірлескен іс-шаралардың бағдарламаларына және оларды іске асыру үшін ұсыныстар әзірлеу;

7) қорытындылар мен болжамдық бағаларды, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен енгізілген полиция қызметтерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

### **3. Қоғамдық кеңестің құқықтары**

6. Қоғамдық кеңестің:

1) ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдарға және мемлекеттік билік органдарына ұсыныстармен шығуға;

2) ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді нығайтуға, қоғамды демократияландыруда үкіметтік емес ұйымдардың ролін арттырудағы ішкі істер органдарының ролін арттыруға бағытталған мемлекеттік органдарға және үкіметтік емес ұйымдарға ұсыныстар енгізуге;

3) азаматтарға, орталық және жергілікті атқару органдарына құқықтық тәртіпті және құқық бұзушылыққа қарсы күресті нығайту бөлігінде мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстарымен өтініш білдіруге;

4) қылмысқа қарсы күрес және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) тараптар функцияларын нақты бөле отырып, бірлескен іс-шараларға және акцияларға қатысуға;

6) Қоғамдық кеңестің отырысына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін шақыруға құқығы бар.

### **4. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру**

7. Қоғамдық кеңес заңнамаға қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті түрде құралады.

8. Қоғамдық кеңестің құрамына республика аумағында тұрып жатқан, отыз жастан асқан және соттылығы жоқ азамат Қазақстан Республикасының азаматы кіреді.

9. Қоғамдық кеңес құрамын Ішкі істер департаментінің бастығы бекітеді.

10. Қоғамдық кеңес төрағасы қоғамдық кеңес мүшелерінің арасынан қоғамдық кеңестің бірінші пленарлық отырысында ашық дауыс берумен бір жылға сайланады.

11. Қоғамдық кеңестің төрағасы лауазымына үміткерлерді Қоғамдық кеңестің мүшелері жылжытады. Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесінің тек бір үміткерді ғана ұсынуға құқығы бар.

12. Төраға лауазымына ұсынылған Қоғамдық кеңес мүшесінің өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініш білдіруге құқығы бар. Өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініш талқылаусыз және дауыс берусіз қабылданады.

13. Егер отырысқа қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген болса, Қоғамдық кеңестің төрағасы сайланған болып есептеледі.

14. Қоғамдық кеңес төрағасын сайлау туралы шешім хаттамамен ресімделеді.

15. Қоғамдық мүшелеріне тиісті куәліктер беріледі.

16. Қоғамдық кеңестің төрағасын мерзімінен бұрын лауазымынан босату туралы мәселе Қоғамдық кеңеспен немесе оның жеке өтініші бойынша, немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша қаралады. Егер дауыс беруге қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берген болса, кеңес төрағасын лауазымынан босату туралы шешім қабылданады.

17. Қоғамдық кеңестің төрағасы:

1) Қоғамдық кеңесті басқарады, Қоғамдық кеңестің қызметін және оның жұмыс топтарын ұйымдастыруды жүзеге асырады, Қоғамдық кеңестің ішкі тәртібін бақылайды;

2) Қоғамдық кеңестің ішкі істер органдарымен, мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық және басқа да азаматтар бірлестіктерімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, халықаралық ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады және үйлестіреді.

3) Қоғамдық кеңес отырыстары күн тәртібінің жобасын құрастырады, Қоғамдық кеңес отырыстарының күн тәртібін Қоғамдық Кеңестің мүшелеріне жолдайды.

4) Қоғамдық кеңес қабылдаған шешімдерге және өзге де құжаттарға, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің өкілеттігін іске асыру мақсатында сұрауларға, өтініштерге, шақыру билеттеріне және басқа да құжаттарға қол қояды;

5) оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қоғамдық кеңестің жұмыс топтарына және кеңес мүшелеріне тапсырмалар береді.

18. Қоғамдық кеңестің төрағасы болмағанда оның міндеттерін Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің бірі атқарады.

19. Ішкі істер департаментінің әрбір басқармасынан Қоғамдық кеңес жұмыс тобының құрамына қосу үшін жауапты хатшының кандидатурасы

ұсынылады. Жауапты хатшылардың тізімін Ішкі істер департаментінің бастығы бекітеді.

20. Жоспарланған отырыста қаралатын мәселенің сипатына қарай, (қызметтер жұмыстарының желілері бойынша) жауапты хатшы мүдделі бөліністен келіп түскен ұсыныстар мен өзге де құжаттарды Қоғамдық кеңестің отырыстарында қарауға дайындайды.

21. Қоғамдық кеңесте өз өкілеттіктерін орындау кезінде оның мүшелері:

1) Қоғамдық кеңес шешімдерін талқылау және қабылдау кезінде тең құқықтарға ие болады;

2) Қоғамдық кеңестегі өзінің қызметін өтеусіз, қоғамдық бастауларда жүзеге асырады.

22. Қоғамдық кеңес мүшесінің:

1) Қоғамдық кеңес пен жұмыс топтары қызметтерінің әрбір мәселелері бойынша өз пікірін еркін жеткізуге, Қоғамдық кеңес пленарлық отырыстарында жарыссөздерге қатысуға, талқыланатын мәселелердің мәні бойынша және күн тәртібі бойынша ұсыныстар, ескертулер мен түзетулер енгізуге;

2) кандидатуралар ұсынуға және Қоғамдық кеңес сайлайтын, тағайындайтын немесе бекітетін кандидатуралар бойынша өз пікірін айтуға;

3) сұрақтар қоюға, анықтамалар беруге;

4) Қоғамдық кеңестің отырыстарына материалдарды, сондай-ақ оның шешімдерінің жобаларын әзірлеуге, Қоғамдық кеңес шешімдерін іске асыруға қатысуға;

5) Қоғамдық кеңес органдарына таңдалған лауазымдарға сайлауға және сайлануға;

6) Қоғамдық кеңес отырыстарының стенограммаларымен, жұмыс топтары отырыстарының хаттамаларымен және материалдарымен, Қоғамдық кеңес өзге де құжаттарымен танысуға;

7) Қоғамдық кеңес немесе Қоғамдық кеңес жұмыс топтарының шешімдерімен келіспеген жағдайда ерекше пікірді жазбаша түрде баяндауға құқығы бар, ол тиісінше Қоғамдық кеңес немесе жұмыс топтарының отырысы хаттамасына енгізіледі және оған қатысты осы пікір айтылған шешімге қоса тіркеледі.

23. Қоғамдық кеңес мүшесі:

1) Қоғамдық кеңес, сондай-ақ ол мүшесі болып табылатын жұмыс топтарының пленарлық отырыстарының жұмысына, Қоғамдық кеңес өткізетін өзге де іс-шараларға жеке қатысуға;

2) Қоғамдық кеңес, жұмыс топтарының отырыстарына белгілі бір себептер бойынша қатысуға мүмкіндік болмаған жағдайда, ол мүшесі болып табылатын жұмыс тобының отырыстары басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірілмей тиісінше Қоғамдық кеңес төрағасын, жұмыс тобының жетекшісін жазбаша түрде хабарландыруға. Қаралып жатқан мәселе бойынша дауыс беру кезінде оның пікірі жалпы негіздерде ескеріледі;

3) Қоғамдық кеңес, жұмыс топтарының отырыстарында өзіне қабылдаған немесе Қоғамдық кеңес төрағасы немесе Ішкі істер департаментінің бастығы берген тапсырмаларды орындауға;

4) Қоғамдық кеңестегі өзінің жұмысында тәртіп пен этика талаптарын сақтауға міндетті.

24. Қоғамдық кеңес мүшесі Қоғамдық кеңестегі өз қызметін саяси партиялардың, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, сондай-ақ жеке мүдделеріне пайдалануға құқығы жоқ.

25. Қоғамдық кеңес құрамына кірмейтін басқа адамдарға өзінің өкілеттіктерін беруге жол берілмейді.

## **5. Қоғамдық кеңес отырыстарын жоспарлау және өткізу**

26. Қоғамдық кеңестің отырыстары бір жылда кеміне екі рет өткізіледі.

27. Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары Қоғамдық кеңес мүшелерінің, жұмыс топтарының ұсыныстары бойынша құрастырылады және Ішкі істер департаментінің бастығымен келісіледі.

28. Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына Қоғамдық кеңестің пленарлық отырыстарының күн тәртіптері, сондай-ақ басқа іс-шаралар кіреді.

29. Жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Қоғамдық кеңес жұмыс топтарының жетекшілері немесе Қоғамдық кеңестің жеке мүшелері жазбаша түрде Қоғамдық кеңестің төрағасына ұсынады.

30. Қоғамдық кеңестің кезектен тыс пленарлық отырысы Қоғамдық кеңес төрағасының шешімі бойынша, Ішкі істер департаменті бастығының ұсынысы бойынша немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

31. Қоғамдық кеңестің кезектен тыс пленарлық отырысының бастамашысы талқылау үшін мәселелердің тізімін және олар бойынша шешімдердің жобаларын жазбаша түрде Қоғамдық Кеңестің төрағасына қарауға енгізеді.

32. Қоғамдық кеңестің төрағасы Ішкі істер департаменті бастығының келісімі бойынша Қоғамдық кеңестің кезектен тыс пленарлық отырысының жұмыс тәртібін анықтайды және оның күнін тағайындайды.

33. Қоғамдық кеңестің пленарлық отырыстарының өткізетін күні мен күн тәртібі және онда қаралатын мәселелер туралы Қоғамдық кеңес мүшелерін Қоғамдық кеңестің жұмыс топтарының жетекшісі оны өткізуге дейін 7 күннен кешіктірмей хабарландырады. Қоғамдық кеңес шешімдерінің жобаларын және Қоғамдық кеңестің пленарлық отырыстарының күн тәртібіне қосылған мәселелер бойынша өзге де материалдарды Қоғамдық кеңестің жұмыс тобы дайындайды және Қоғамдық кеңестің отырыстарында оларды қарауға дейін 5 күннен кешіктірмей Қоғамдық кеңес мүшелеріне жібереді.

34. Егер оның жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі қатысса, Қоғамдық кеңес отырысы заңды болады.

35. Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша отырыстың күн тәртібі толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Егер оған отырысқа қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, Қоғамдық кеңес отырыстарының жұмыс тәртібін (күн тәртібін) толықтыру немесе өзгерту туралы ұсыныстар қабылданған болып саналады.

36. Пленарлық отырыстар барысында шешімдердің жобаларын талқылау кезінде келіспеушіліктер туған жағдайда, Қоғамдық кеңестің көпшілік дауысымен Қоғамдық кеңес мүшелері ұсынатын өзгерістер мен толықтыруларын ескере отырып, жұмыс тобы Қоғамдық кеңес шешімдері жобасының мәтінін пысықтайды және оны Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында қарауға енгізеді.

37. Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша Қоғамдық кеңестің отырысына мемлекеттік билік органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, сарапшылар және басқа да мамандар Қоғамдық кеңесте қаралатын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындыларды ұсыну үшін шақырылуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Қоғамдық кеңестің отырыстарына Қоғамдық кеңестің шақыруы бойынша қатысуы мүмкін.

38. Ішкі істер департаментінің бастығы және оның орынбасарлары Қоғамдық кеңестің кез келген отырыстарына қатысуға құқылы.

39. Қоғамдық кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілік дауыс беруі бойынша қабылданады. Егер дауыстар тең болған жағдайда, онда соңғы шешім Төрағалық етушіге қалады.

40. Қоғамдық кеңес шешімдері оның отырыстарында жасырын немесе ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

41. Қоғамдық кеңестің отырысы кезінде одан әрі стенограммалар мен хаттамалар ресімделе отырып, аудио-бейнежазба жүргізілуі мүмкін.

42. Хаттамаға Қоғамдық кеңестің төрағасы және ІД басшылығының өкілі қол қояды. Қоғамдық кеңес төрағасы отырыста болмаған жағдайда, хаттамаға отырысқа төрағалық етуші қол қояды.

43. Қоғамдық кеңестің қол қойылған хаттамалары ведомстволық ақпарат құралдарында және Интернет желілерінде жарияланады.

44. Қоғамдық кеңестің пленарлық отырысының күн тәртібі мәселелерін қараудың нәтижелері бойынша ұсыныстар мен өтініштер түрінде Қоғамдық кеңестің шешімдері қабылдануы мүмкін.

45. Қоғамдық кеңестің шешімдері Қоғамдық кеңестің төрағасы қол қоятын хаттамалардан үзінді-көшірмелер түрінде (құзыреттері бойынша) қарау үшін жолданады.

46. Қоғамдық кеңес және жұмыс топтары отырыстарының ресімделген хаттамалары (түпнұсқасы), сондай-ақ ілеспе материалдар Штаб басқармасы мұрағатында сақталады.

## **6. Қоғамдық кеңестің жұмыс топтарын құрастырудың және қызметінің тәртібі, сондай-ақ оның басшысын сайлау тәртібі және өкілеттіктері**

47. Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі тиімді қызметті ұйымдастыру үшін қоғамдық кеңес төрағасымен бекітілген жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылады.

48. Жұмыс тобының жетекшісі:

1) жұмыс тобының бірінші отырысында ашық дауыс берумен жұмыс тобы мүшелерінің қатарынан сайланады;

2) жұмыс тобы жетекшісінің міндеттерін Қоғамдық кеңестің төрағасы бекітеді.

49. Жұмыс тобының құрамына Ішкі істер департаменті аппаратының басқармалары мен дербес бөлімдері жауапты хатшылар, Қоғамдық кеңестің мүшелері Қоғамдық кеңестің жұмысына тартылатын, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

50. Жұмыс тобы:

1) Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі ақпараттық-талдау, сараптау және басқа да қызметтерді жүзеге асырады;

2) ПД бөліністерінің басшыларынан және басқа да ұйымдардан оның қызметі үшін қажетті құжаттар мен материалдарды сұрастырады;

3) өзінің қызметіне қатысуға сарапшыларды, қоғамдық бірлестіктерді, ұйымдарды және Қазақстан Республикасының азаматтарын тартады;

4) Қоғамдық кеңестің іс-шараларын өткізу туралы ұсыныстарды Қоғамдық кеңестің қарауына енгізеді;

5) өз қызметін ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

6) Қоғамдық кеңес отырыстарында қарау үшін ПД қызметтерінің өзекті мәселелері туралы қорытындылардың жобаларына талдау материалдары мен ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады;

7) жыл сайын ағымдағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей жұмыс органымен бірлесе өзінің қызметі туралы есеп беру баяндамасын әзірлейді және Қоғамдық кеңес төрағасына ұсынады.

51. Қоғамдық кеңес және оның мүшелерінің атына келіп түскен азаматтардың және ұйымдардың ұсыныстары мен бастамалары Қоғамдық кеңес тиісті жұмыс топтарына жұмыста жинақтау және есепке алу үшін жолданады.

## **7. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін қысқарту және тоқтату тәртібі**

52. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі мынадай жағдайларда осы Ережемен көзделген тәртіпте қысқартылады:

1) ол Қоғамдық кеңестің құрамынан шығу туралы өтініш бергенде;

2) Қоғамдық кеңес жұмысына денсаулық жағдайы бойынша немесе басқа себептермен қатысу қабілеті болмағанда;

3) оған қатысты шығарылған соттың айыптау өкімі заңды күшіне енгенде;

4) ол әрекетке қабілетсіз немесе заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде хабар-ошарсыз жоқ деп саналғанда;

5) Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданған Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқанда.

53. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі мынадай жағдайларда осы Ережемен көзделген тәртіпте тоқтатылады:

1) қылмыстық-процессуалдық заңнамамен белгіленген тәртіпте оған қылмыс жасағаны туралы айып тағылса;

2) оған әкімшілік қамау түріндегі әкімшілік жаза тағайындалса.

54. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін қысқарту және тоқтату туралы мәселе Қоғамдық кеңес төрағасының ұсынысы бойынша немесе Қоғамдық кеңес мүшесінің жеке өтініші бойынша Қоғамдық кеңесте қаралады.

55. Қоғамдық кеңес төрағасының ұсынымын немесе өтінішін жақын арада болатын отырыста Қоғамдық кеңес қарайды.

56. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін қысқарту немесе тоқтату туралы мәселе, оған қатысты ұсыныс енгізілген мүшенің қатысуымен Қоғамдық кеңестің отырысында қаралады. Оған қатысты ұсыныс енгізілген Қоғамдық кеңес мүшесінің дәлелсіз себептермен Қоғамдық кеңестің отырысына қатыспауы осы мәселені Қоғамдық кеңесте қарау үшін кедергі болып табылмайды.

57. Егер Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен тиісті шешім қабылданатын болса, Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін қысқарту немесе тоқтату туралы шешім Қоғамдық кеңестің қалауы бойынша ашық (жасырын) дауыс берумен қабылданады.

58. Егер оған отырысқа қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берсе, Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін қысқарту немесе тоқтату туралы Қоғамдық кеңес шешімі қабылданған болып саналады.

59. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін қысқарту немесе тоқтату туралы Қоғамдық кеңес шешімі хаттамамен ресімделеді.

60. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтатқан жағдайда, Қоғамдық кеңестің төрағасы Қоғамдық кеңестің жаңа мүшесінің кандидатурасын бекіту туралы шешім қабылдау өтінішімен Ішкі істер департаментінің бастығына өтініш білдіреді.

## **8. Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелерін бекіту тәртібі**

61. Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелерінің кандидатуралары Қоғамдық кеңестің, қоғамдық бірлестіктердің және басқа да ұйымдар мүшелерінің, ПД басшылығының ұсыныстары бойынша Қоғамдық кеңестің отырыстарында қаралады және Ішкі істер департаментінің бастығынан бекітілді.

62. Қоғамдық кеңес құрамына кандидатура Қоғамдық кеңестің кем дегенге үш мүшесінің ұсынымы бойынша ұсынылады.

63. Ішкі істер департаментінің бастығы бекіту үшін Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелерінің кандидатураларын енгізу туралы Қоғамдық кеңестің



шешімі, егер оған отырысқа қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі дауыс берсе, қабылданған деп саналады.

## **9. Қоғамдық кеңестің жұмыс нысандары және шешімдері**

64. Қоғамдық кеңестің негізгі жұмыс нысандары пленарлық отырыстар, жұмыс топтарының отырыстары, сондай-ақ жыл сайынғы баяндамаларды әзірлеу болып табылады.

65. Оған жүктелген функцияларды іске асыру мақсатында Қоғамдық кеңестің:

1) ішкі істер саласындағы қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша тыңдаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, өзге де талқылаулар мен тыңдаулар өткізуге;

2) Қоғамдық кеңес отырыстарына ІД бөліністерінің басшыларын шақыруға;

3) мемлекеттік билік органдарына, қоғамдық ұйымдарға және бірлестіктерге Қоғамдық кеңестің сұрауларын жіберуге;

4) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өз қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты ақпараттандыруға;

5) Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге қайшы келмейтін өзге де өкілеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

66. Қоғамдық кеңестің шешімдері қорытынды, ұсыныстар және өтініштер түрінде қабылданады.

67. Қоғамдық кеңес жыл сайын ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей өз қызметінің қорытындылары, ішкі істер органдарындағы тәртіп пен құқықтық тәртіпті күшейту, олардың беделін арттыру, қоғамдағы адамгершілікті қорғау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерінде ішкі істер органдарының және жұртшылықтың өзара іс-қимыл жасасуының жай-күйі туралы баяндама ұсынады.

68. Қоғамдық кеңестің жыл сайынғы баяндамасы Ішкі істер департаментінің бастығына жіберіледі.

## **10. Қоғамдық кеңестің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету**

69. Қоғамдық кеңес қызметін ақпараттық қамтамасыз ету үшін оның жұмысы туралы ақпаратты Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімі ІД-нің веб-сайтында орналастыруды қамтамасыз етеді.